

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Талас ауданының білім бөлімінің «Ұлбике» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау
ХАТТАМАСЫ**

Үшарал ауылы

11.02.2026 жыл

Өткізілген орны: Жамбыл облысы, Талас ауданы, Үшарал ауылы,
Ә.Сағынтаев көшесі, 16 ғимарат.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңестің мүшелері, бөбекжай-бақшаның педагогикалық және кіші (техникалық) қызметкерлері.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтаманы жария талқылау.

ТЫҢДАЛДЫ: «Ұлбике» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Каумбаева Айгерим Дуйсеновнаның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Меңгеруші Каумбаева Айгерим Дуйсеновна Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚР заңының 8-бабының 5-тармағына, "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығына сәйкес «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің «Ұлбике» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібін басшылыққа ала отырып, 2026 жылдың 5 қаңтары мен 18 ақпаны аралығында 2025 жылға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілетінін хабарлады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын мекеменің атауы: «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің «Ұлбике» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бағыттары:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 8) акпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 9) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Жұмыс тобы:

2026 жылғы 5 қаңтардағы № 34 бұйрығына сәйкес құрылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтылатын кезең:
2025 жыл.

Масс-медияда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің басталғаны туралы хабарландыру 2025 жылдың 18 желтоқсанында яғни, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау басталғанға дейін 10 жұмыс күні бұрын жарияланды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін талқылау бойынша жұртшылықты хабардар ету үшін масс-медияда 2026 жылдың 4 ақпанында яғни, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталғанға дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей хабарландыру жарияланды.

Іс-шара сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау және жұртшылықтан кері байланыс алу үшін өткізілетінін айтты.

ШЕШІМ:

1. Жария талқылау хаттамасы масс-медияда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталғанға дейін жариялансын.

Төрайым

Хатшы



А. Каумбаева

А.Сегизбаева